



# ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КЕЛЕСІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР ҚОЙЫЛАДЫ:

1

- ұзақ мерзімді міндеттемелер категориясының мәнін анықтау;

2

- ұзақ мерзімді міндеттемелер есебін ұйымдастыру мен оларды реттеудің негізгі принциптерін зерттеу;

3

- ұзақ мерзімді банк несиелері мен заемдық қарыз есебін қарастыру;

4

- кредиторлық берешектерін талдау және кредиторлық берешектерді ұйымдастыруды жетілдіру жолдары;

5

- ұзақ мерзімді міндеттемелер есебін және оны талдаудың жетілдіру жолдары және т.б.



## 1 БӨЛІМ

- Ұйымның міндеттемелерінің экономикалық негізі және шаруашылық қызметінің сипаттамасы



## 2 БӨЛІМ

- Ұзақ мерзімді міндеттемелер есебін ұйымдастыру




## 3 БӨЛІМ

- Ұзақ мерзімді міндеттемелерді талдау

**Міндеттеме (liabilities) - бұл анықталған іс бойынша орындаудың міндеттері немесе қарызы. Міндеттеме алдыңғы мерзімде пайда болған субъектілердің берешектері. Оны өтеу кезінде экономикалық табыстарды алып келетін ресурстардың мекемеден кетуне алып келеді.**



Ұзақ мерзімді міндеттеме - бұл зайым алушының балансының нақты датасынан бір жылдан астам төлем мерзімі бар міндеттеме. Ұзақ мерзімді міндеттемелер арасына ұзақ мерзімді несиелерді, мерзімі ұзартылған салықтарды, ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті қатыстырады.



Ұзақ мерзімді қарыздық міндеттемелерді шығаруда шешім қабылдаған кезде компания басшылығы акциялармен салыстырғанда ұзақ мерзімді қарыздық міндеттемелердің артықшылықтарын қарастырады.


1. **Акционерлер бақылауы (shareholder control).** Иелердің дауыс беру облигацияларының жоқтығына қарамастан, акционерлер компания бақылау құқығын жоғалтпайды.
2. **Салықтық эффект (tax effects).** Көптеген мемлекеттерде қарыздық міндеттемелер пайыздары табыс салығын есептегенде шегерімге жатқызылады, ал акционерлер дивиденттеріне ондай жеңілдіктері жоқ.
3. **Қаржылық левередж (financial leverage).** Бұл меншікті капиталдың заемдық қаражаттарды тартқаннан өсімін айтады. Егер компания өз активтерін қолданып міндеттемелерге төлейтін пайыздардан қарағанда көбірек ақша тапса, айырмасы компания капиталы мен акционерлер табысын ұлғайтады.

## Ұзақ мерзімді міндеттемелерді бағалау және өлшеу кезінде келесі принциптерді есепке алу қажет:



- ұзақ мерзімді міндеттемелерді қарызға алынған тауарлар мен қызметтердің әділетті нарықтық құн бойынша тіркейді;
- пайыздардың өз мерзімінде төленуі міндеттемелерді шығару датасындағы нарықтық пайыздық қойылымына негізделген;
- ұзақ мерзімді міндеттемелердің баланс датасындағы қалдық құны – бұл эмиссия негізіндегі нарықтық пайыздық қойылымына дейін дисконтталған қолма-қол қалған төлемдердің нақты құны. Пайыздық қойылым міндеттемелердің негізінде өзгермейді.

Несие — бір заңды тұлғаның екінші бір заңды тұлғаға немесе жеке адамның заңды тұлғаға әдетте келісілген мөлшерде пайыз, өсім (процент) алу үшін белгілі бір уақытқа заттай немесе ақшалай уақытша қаржы беруге байланысты пайда болатын экономикалық қарым-қатынас жүйесі болып табылады.





«Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» бір жылдан асатын мерзімнен кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған.

Жеткізушермен және мердігерлермен есеп айырысулар есебі бойынша мынадай шоттар корреспонденциясы беріледі.

- Алынған тауары-материалдық құндылықтар үшін (қосылған құнға салынған салық есебінсіз) акцептелген фактура-шоты сомасына: ”Материалдар” және “Тауарлар” шоттарының тиістілері дебеттелініп, 4110-“Жеткізушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді берешегі” – деп аталатын шот кредиттелінеді.
- Оған қоса есептелген қосылған құн салық сомасына 1420” Қосылған құнға салынған салық”- деп аталатын шот дебеттелініп, “Жеткізушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді берешегі”- деп аталатын шот кредиттелінеді.
- Жеткізушілердің фактура-шотының қай шоттан төленгеніне қарай: дебет 4110-шот, кредит 1010, 1020 шоттың тиістілері түрінде бухгалтерлік жазу жазылады.
- Фактура-шот бойынша жеткізушіге (мердігерге) төленген қосылған құнға салынған салықтың сомасынан шегерілгенде 1420- “Қосылған құнға салынған салық”- деп аталатын шот дебеттелініп, тиісті шоттар кредиттелінеді.

## Кәсіпорын банк мекемесінен несие алған уақытындағы корреспонденциялар:

Операциялар	Дт	Кт
Банктен несие алынды	1030	3010
Ал бұл алынған несие қайтарылған уақытта	3010	1030
Осы алынған несие үшін есептелген пайыз сомасына	7310	3430, 3350
Кәсіпорын бұл міндеттемені төлеген уақытында	3430, 3350	1030

## Шетелдік банктерден немесе басқалардан шетелдік валюта түрінде несие алған ұйымның бухгалтериясында тіркелетін корреспонденциялар:

Операциялар	Дт	Кт
Шетелдік валюта түрінде алынған несие	2810	1040
Ал бұл алынған несие қайтарылған уақытта	1040	2810

**Жалгерлік** – бұл активтердің иеленушісі (жал беруші) өзге тұлғаға (жал алушыға) белгіленген мерзімге төлем үшін активпен пайдаланудың эксклюзивті құқығын беру туралы контракт. Жал алушының басты мақсаты-ай сайын, тоқсан сайын немесе аванстық түрде жалгерлік төлемді аудару табылады.

Жалгерлік бойынша міндеттемелер жал алушының бухгалтерлік есебінде келесідей түрде көрсетіледі):

Операциялар	Дт	Кт
Келісілген баға бойынша	2410	4150
Бірінші жылға жалгерлік төлемдер	4150	1010, 1030
Екінші жылға жалгерлік пайыздарды есептеу	Пайыздар бойынша шығындар	Пайыздар бойынш төлемдер

Жалгерлік кезіндегі жал берушінің жалгерлік бойынша бухгалтерлік жазулары:

Операциялар	Дт	Кт
Берілген активтің келісімді құнына	7470	2410
Жал бойынша пайыздардан түскен табыстың танылуы	1620	3520
Бірінші жылға жал төлемдерінің түсуі	1030	7470
Екінші жылға есептелген пайыздың көрсетілуі	3520	6120

# Қорытынды

Іс тәжірибе міндеттемелер пәнінің жаңа түсінігін іске асыру мақсатында, оның ішінде ұзақ мерзімді міндеттемелерді басқаруда болған жетіспеушіліктерді жоюда және экономиканы нығайтуда оны қолдану мүмкіндіктері ұсынылады:

– Халықаралық негізде талқылауды және ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша экономикасы дамыған елдердің тұжырымдамасында іс тәжірибесі есебі мен, осы сұрақтағы барлық деңгейдегі басқарушы органның ролі мен бірқалыпты орнын белгілеуді анықтау.

– Міндеттемелер бойынша белгіленген тәртіптегі заңды құжаттарды қабылдау, онда есеп айырысудың қолдану тәртібі көрсетілуі қажет.

Жалпы акционерлік қоғамды талдаудың қорытындысы бойынша есепті жылы ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымы мен динамикасында оң және теріс үлкен өзгерістер байқалмайдығын тұжырымдауға болады.

Дипломдық жұмысты қорытындылай келіп, біздің міндетіміз – жалпы міндеттемелер есебін, оның ішінде ұзақ мерзімді міндеттемелер есебін үздіксіз жетілдіріп отыру және осы арқылы, шаруашылық субъектінің экономикасын күшейту, осы арқылы, халық әл-ауқатын арттыру. Сөйтіп осы күнгі экономикалық тығырықтан шығу. Ол үшін міндеттемелерді ғылыми тұрғыдан ұйымдастырып, есеп жұмыстарының ең алдындағы озық тәжірибелерін пайдалану болып табылды.

Назарларыңызға  
рахмет!!!

